

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ АТЫНДАҒЫ
ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

«Баян Сұлу» фабрикасының тарихы



Тексерген: Примжарова К
Орындаған: Құрманбаева Қ
Тобы: ӘЖ-341

«Баян Сұлу» кондитерлік фабрикасы — еліміздегі ірі кәсіпорындардың бірі. Тәттінің 200-ге жуық түрлерін шығаратын фабриканың тарихымен таныс болыңыздар.

Ашылуы

Жылына жобалық қуаты бойынша 24560 тонна кондитерлік өнім шығаратын Қостанай кондитерлік фабрикасы (қазіргі «Баян Сұлу» Акционерлік қоғамы) 1974 жылдың желтоқсанында өз жұмысын бастады. Фабриканың алғашқы директоры — Танашев Нығмет Бұқпанұлы.



1975 жылдың наурызында бисквит цехы іске қосылады.

1975 жылдың шілдесінде какаоны жасап шығару жабдығы іске қосылып, жылтыратылған және жылтыратылмаған кәмпиттер, шоколад құрамасын өндіретін кәмпит пен шоколад цехы өз жұмысын бастайды.

1977 жылы Н.Танашев өнімдердің жаңа түрлерін шығару жөнінде кеңес өткізеді.

1975–1980 жж. – карамель, мармелад, вафли, драже және иристің жоғары сұрыптарын жасап шығару бойынша өндірістік қуаты іске қосылады.



1993 жылдың қыркүйегінде – Қостанай кондитерлік фабрикасының атауы «Баян Сұлу» Ашық акционерлік қоғамы болып өзгертілді.

1995 жылдың сәуірінде «Баян Сұлу» ААҚ президенті болып инженер-механик - **Богер Евгений Александрович** тағайындалады.

1996 жылы барлық қызметтерді компьютерлік техникамен жабдықтауда өндірісті басқарудың жергілікті жүйесі енгізілген.

1996–1997 жж. «EDALE E250S» және «EDALE E510i» (Ұлыбритания) буып-түйілген өнімді жасап шығару үшін, жаңа заманауи жабдықтары сатып алынды.

Энергетикалық дағдарыс жағдайында үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында дизельэлектрогенератор алынды.

1998–1999 жж. Карамельді жасап шығару жабдығы мен орау машиналары (Италия өндірісі) іске қосылды.

2000 жылы – жалпы өнімділігі сағатына 16,5 тонна бу шығаратын қазан өндіріске қосылды.

2002 жылы – электрмен қамтамасыз ету үшін ұзындығы 3,8 км (10 кВ әуе желісі) әуе жолын құрастыру жүзеге асырылды.

2003 жылы салындысы бар және салындысы жоқ шоколадтарды жасап шығару жөніндегі желілері пайдалануға енгізілді.

Компания бүгінде

Кондитерлік өнімдерді жасап шығару Қазақстанның ішкі нарығына бағытталған. Өнімді өткізу еліміздің бүкіл аймақтарында көтерме сауда арқылы жүзеге асырылады.

900 адам жұмыспен қамтылған. Өнім түрлері 200 атауға дейін өскен. Компания отандық және халықаралық көрмелердің белсенді қатысушысы.

● Шығаратын өнімдері

- шоколад
- кэмпит
- зефир
- мармелад
- ирис
- драже
- карамель
- вафля



«Баян Сұлудың» бюджеті



- «Баян Сұлу» кондитерлік компаниясының таза пайдасы 2015 жылдың I тоқсанында 2014 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда жеті есеге — 182,4 млн теңгеден 26 млн теңгеге дейін төмендеген.
- Салық салынғанға дейінгі компания пайдасы 4,7 есе төмендеді: өткен жылдық қаңтар наурызында — 182,5 млн теңге, осы жылдың қаңтар-наурызында — 38,6 млн теңге. Есептік кезеңде операциялық табыс шамамен екі есе төмендеп, 93,6 млн теңге болды.
- Сонымен қатар, «Баян сұлу» түсімі 5,4%-ға — 2014 жылдың I тоқсанындағы 3,414 млрд теңгеден 2015 жылдың I тоқсанындағы 18,671 млрд теңгеге дейін төмендеді. Кәсіпорын активтері де азайды, 2015 жылдың басында 19,356 млрд теңге болса, 31 наурыздағы жағдай бойынша — 18,671 млрд теңге. Жыл басынан төмендеу 3,7%-ды қамтыды.
- Компанияның меншікті капиталы қаңтар-наурыз аралығында 13,408 млрд теңгеден 13,434 млрд теңгеге дейін артты. Сондай-ақ «Баян Сұлу» міндеттемелері алғашқы үш ай ішінде 12%-ға — 5,948 млрд теңгеден 5,237 млрд теңгеге дейін төмендеді.

***Назарларыңызға
рахмет!***